

«Бекітемін»  
ОҚО сапа бойынша кеңес шешімі

«27»

0

2015ж

№ 1



**Ақтөбе облысының Облыстық қан орталығы  
қызметкерлерінің  
Әдеп Кодексі**

Ақтөбе 2015ж

## Құрылым

1. Кіріспе
2. 2. Облыстық қан орталығының міндеті
3. Міндеті, басымдылығы, келешегі
4. Әдеп қағидалары
5. Донорлармен, қан орталығының өнімдерін тұтынушылармен, мемлекеттік билік органдарының өкілдерімен арақатынас
6. Қызметкерлердің тәртіп ережесі
7. Қорытынды жағдай

## **I Кіріспе**

Осы Облыстық қан орталығы қызметкерлерінің Әдеп Кодексі қызметкерлердің тәртіп ережесінің негізгі әдептерін, басымдылығын және міндеттерін анықтайды.

ОҚО ұжымы осы Кодекстің мазмұны ұсынысты сипатта болғанына сене отырып қоғам алдына қойған мақсатқа жету мақсатында және міндеттерді жүзеге асыру үшін осы Кодексте бекітілген ережелер және нормаларды барлық қызметкерлердің міндетті түрде сақтауына үндеу қосады.

## **II Облыстық қан орталығының міндеттері**

Донорлық қан компоненттерінің клиникалық қолданыс кезіндегі әсерлігін, сапасын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

## **III Міндеті, басымдылығы және келешегі**

Өз міндеттерін жариялау кезінде қабылданған жауапкершілікті және қойылған мақсаттардың маңыздылығын ескере отырып әрбір қызметкер өз лауазымдық міндеттерін адал ниетпен жүзеге асыру керек, Қазақстан Республикасының заңын мүлтіксіз сақтау және осы Кодекстің талаптарын ұстану керек.

## **Облыс қан қызметінің негізгі міндеттері:**

Қазақстан Республикасында трансфузиондық көмектің қол жетімділігіне, сапасына, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған бірыңғай стратегияны жүзеге асыру, халықты ақысыз донорлыққа кеңінен тарту.

**Біздің келешегіміз:** адамдардың денсаулығын нығайту, трансплантология және трансфузиология келешегін қалыптасыту.

## **Әдеп қағидалары:**

Өз лауазымдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде Облыстық қан орталығының қызметкерлері келесі әдеп қағидаларын басшылыққа алу керек:

**Зандылық.** Осы Кодекстің ережелерін және кәсіпорынның басқа да ішкі құжаттарын, ҚР заңнамасын, ережелерін мүлтіксіз сақтау.

**Адалдық.** Кәсіпорын этикалық нормалар мен ережелер және өз міндеттерін уақытылы орындау, өз беделін қадірлеу және әлеуметтік қоғамның адамгершілік қағидаларын мүлтіксіз сақтау қағидасымен жүреді.



**Субординация.** Бұл қағиданың күшіне тікелей субординацияны ескере отырып өз лауазымдық міндеттерін жүзеге асыру үрдісінде Облыстық қан орталығы кәсіпорынның бір қызметкерінің келесі қызметкерге бағынумен қалыптасады.

**Әділдік.** Бұл қағида Облыстық қан орталығының барлық қызметкерлеріне сырттан қандай да бір қысым жасамай өз лауазымдық міндеттерін және функцияларын, олардың құқықтары мен мүдделеріне қысым жасамай орындау мүмкіндігі, сондай-ақ басшылық жағынан өз тарапына адал және шыншыл қарым-қатынас орнатуды белгілеу.

**Мейірімділік.** Бұл қағида мынаны айтады: «Мен ем алушыға мейірімділік әкелемін немесе оған кесірімді тигізбеймін», «Ем алушыға барынша пайда-донорға ешбір зиян» Бұл сөздер Қан қызметінің қызметіне жоғары дәрежедегі адамгершілік сипатты көрсетеді. Мейірімділік дегеніміз донорға ем алушының туысканы ретінде мұқият және сергек қарым-қатынас тудыру. Ең бастысы, медицина қызметкерінің кез келген әрекеті туысқан донордың игілігіне бағытталуы керек.

**Дербестік.** Бұл қағида бойынша әрбір донордың жеке басына және оның шешіміне құрметпен қарауды талап етіледі. Әрбір адам тек бір мақсат ретінде қарастырылады, бірақ оған жетудің құралы ретінде емес. Донор қан орталығы қызметкерінің әріптесі екенін есте сақтау қажет, себебі ол олармен бірге адам өмірін құтқаруға қатысады. Дербестік қағидасы құпиялылық, донордың мәдениетіне, дініне, саясатына және басқа да наным-сенімдері сияқты аспектілермен, тексерілуге ақпараттандырылған келісім және де ем алушының өз бетінше шешім қабылдауымен байланысты.

## **V. Қан орталығы өнімдерінің тұтынушыларымен, донорлармен өзара қарым-қатынас.**

1. Облыстық қан орталығы кәсіпорын өнімдерін тұтынушылармен және қан донорларымен ұзақ және жемісті серіктестік қарым қатынасты белгілеуге құштарлы.

2. Тұтынушылармен (медицина ұйымдары), донорлармен қатынас қажетті ақпаратты толық ашу, міндеттердің бұзылмауы, жеке қызығушылық алдында жалпы іс қызығушылығының басымдылығы, өзара сенім мен құрмет, кәсіптілік, адалдық, таза ниеттілік қағидасында қалыптасады.



## **Қызметкерлердің тәртіп ережелері.**

1. Басшылар ниеттес ұжымды қалыптастыра отырып, қызметтің барлық негізгі бағыттары бойынша қарамағындағы қызметкерлердің барынша ақпараттандырылуын қамтамасыз ету жолымен қойылған стратегиялық мақсатқа жетуге бағытталған, ұйымның жетістіктері және ағымдағы сұрақтары, мәселелері, табыстары Облыстық қан орталығының жетістіктерге жетуіне қарамағындағы қызметкерлердің ортақтасу сезімін дамытуға ұмтылады.
2. Басшылар өнегелі дені сау ұжымды қалыптастыруға ұмтылу керек, қол астындағы қызметкерлердің жеке бас құндылығын құрметтеуге міндетті, кәсіпорын қызметкерлерінің негізделген сұранысына ықыласпен қарау, жеке көңіл аууға және жаратпаушылыққа қарамастан барлық қызметкерлерге бірдей және ұстамдылықпен қарау.
3. Басшылар қол астындағылардың өкілдік көлемін және міндеттерін нақты анықтау керек, қысқа және нұсқа сөйлеу, берілген уәделерді әрдайым мерзімінде орындау, барлық жерлерде және барлық жағдайда Облыстық қан орталығын абыроймен көрсету керек.
4. Басшылар осы Кодекстің енуіне дербес жауапкершілікті көтереді және өз құрылымдық бөлімшесінің барлық қызметкерлері оның нормаларын сақтайды.

## **Қызметкерлердің тәртіп ережесі:**

1. Қызметкер уақытылы, адал, ниетпен жұмыс істеуге және өз лауазымдық міндеттерін тиісті орындауға, өз қызметінің нәтижесіне дербес жауапкершілікті көтеру керек.
2. Қызметкер басшыларды және өз әріптестерінің еңбегін, жасын, тәжірибесін құрметтеуге, еңбек тәртібін сақтау, осы ережені ұстану, Облыстық қан орталығының бағыптаушы лауазымдық тұлғасының және тікелей басшысының өкімдерін нақты орындау және жұмыс уақытын тиімді жұмыс үшін пайдалану, басқа қызметкерлерге еңбек міндеттерін орындауға кедергі болатын әрекеттерден бас тарту керек.
3. Барлық жағдайда қызметкер басшыға және ұжымға қатысты шыншыл және адал әрекет ету керек.
4. Кәсіпорын қызметкері жұмыста әдепсіздіктің, дөрекіліктің және тәкаппарлықтың болуына жол бермеу керек, өзге адамның беделін және абыройын құрметтеуге міндетті.



3. Облыстық қан орталығының қызметкерлері ұйымға және жеке басына айтылған талаптар мен шағымдарға, барлық ескертулерге уақытылы назар аударады және мұқият қарастырады.

4. Егерде ҚР Заңымен ақпараттарды ашу қажеттілігі қарастырылмаса, қызметкерлер кұпиялар санатына жататын ақпараттарды, сондай-ақ донорлар мен емделушілердің қызығушылығына зияны тиюі мүмкін басқа да мағлұматтарды жарияламайды.

5. Ұйымның бірде- бір қызметкері ұйым қызметкері ретінде қызметті жүзеге асырғаны үшін сыйақы алу мақсатында үшінші тұлғалармен келісім шартқа отырмайды, сондай-ақ аурухана емделушілерінен, донор-туыскандарынан ақшалай қаражат және басқа да материалдық құндылықтар қабылдамайды.

6. Жанжал туындаған жағдайда донор немесе кәсіпорын өнімін тұтынушылардың мүддесіне мұқият қарау керек және мүмкіндігінше оларды ескеру.

#### **7. Қарым-қатынас «Медицина қызметкері-донор»:**

1. Медицина қызметкері келушілермен, донорлармен тілдескенде ашық жүзді және төзімді болуға міндетті. Жөнсіздік пен ағайындық, сондай-ақ аса құрғақшылдық пен ресмилік жіберілмейді.

2. Донорды көзінше қойылған диагноз және донорлықтан шектеу себебі туралы талқылауға болмайды. Келушілердің және донордың көзінше дәрігер қорытындысының дұрыстығына күмән келтіруге тыйым салынады.

3. Медқызметкер психоэмоционалды кернеуді алып тастауы және қан компоненттерін аппараттық дайындау, плазма беру және қан беру емшараларының алдында мәні мен маңызын түсіндіру керек.

4. Қан орталығының қызметкеріне донорлармен тілдесудің басты мақсаты келесі:

- Донорға донация үрдісін қауіпсіз және қолайлы өтуге көмектесу;
- Донордың қан тапсыру ниетін нығайту;
- Өзгені құтқару үшін өз қанын сыйлаған әрбір адамға құрметпен ілтипат сезімін білдіру;



5. Қызметке тән кез-келген мәселелерді тікелей басшымен талқылау керек. Егерде қызметкерге қажетті ішкі құжаттамада жазылмаған әрекеттерді жасау жағдайы туындаса, кәсіпорын қызметкердің Облыстық қан орталығының беделі және мүддесі үшін зиянсыз осындай әрекеттер ететініне және барлық қажетті шараларды қолданатынына, қажетті нұсқаудың жоқтығына аударып, әрекетсіз қалмайтынына сенеді.
6. Қызметкердің Облыстық қан орталығының қызметі барысында құпиялыққа жататын ішкі құжаттарды және Қазақстан Республикасының заңнамасына жататын ақпараттарды үшінші тұлғаға айтуға құқы жоқ, сондай-ақ жұмыстан босатылғаннан кейін немесе жеке еңбек шартының әрекеті тоқтаған соң.
7. Жеке тақырыптағы әңгімелерге телефонды қолдануға болмайды.
8. Шағымдарды қарастырғанда және ем алушылармен, донорлармен жұмыста бюрократтықты және сарсаңға салынуды болдырмау керек.
9. Донорлық қанды өндіруге қатысқан уақытта, ұжымдық жиындарда, директордың кабинетіне кірген кезде ұялы телефондарыңызды алдын ала сөндіру қажет.
10. Жұмыс уақытында ішімдік, есірткі немесе психотроптық заттар қабылдауға, Облыстық қан орталығы ғимаратында шылым шегуге тыйым салынады.
11. Жұмыс уақытында Облыстық қан орталығының оргтехникасын және басқа да мүлігін жеке мақсатта қолдануға тыйым салынады.
12. Бөгделерге және қызметкерлерге кірісі бекітілген бөлімдерге кіруге тыйым салынады.
13. Қарамағындағылардың сыртқы көрінісінің сақталуын тікелей басшысы қадағалау керек. Барлық қызметкерлер ұқыпты болып көрінуге тырысу керек.
14. Қызметкерлер жұмыс орнында өздерін жөнге келтірмеу керек: тарану, парфюмерлік-косметикалық құралдарды қолдануға, кабинетте қатты ластанған аяқ киім және киімдерді тазартуға.
15. Халық көп жерде дербес үстемәкы және сыйақы, еңбекақыға қатысты мәселелерді талқылауға тыйым салынады.
16. Әрбір жаңа қабылданған қызметкер Облыстық қан орталығы қызметінің мәселесінде уақытылы және кәсіптік көмекке сене алады. Кәсіпорында жаңа қабылданған қызметкерлердің өндірістік қызметке жылдам дағдыландыру мақсатында «тәлімгерлік» мадақталынады.



17. Арақатынас «Орта медицина қызметкері-дәрігер»:

1. Дәрекілік, тілдесудегі құрметсіздік жіберілмейді;
2. Дәрігерлік тағайындауды уақытылы, нақты және кәсіби орындау;
3. Өндірістік, зертханалық технология және донор жағдайындағы кенеттен болған өзгерістер туралы дәрігерді шұғыл ақпараттандыру;
4. Жұмысты орындау үрдісінде күмән пайда болса, бөгде тұлғалардың және донордың жоқтығында дәрігермен барлық жағдайды өнегелі нышанда айқындау керек.

18. Арақатынас «Орта медицина қызметкері-орта медицина қызметкері»:

1. Дәрекілік, әріптестерге құрметсіздік қарым – қатынас жіберілмейді;
2. Ескертулер өнегелі және келушілердің, донорлардың жоқтығында айтылу керек.
3. Тәжірибелі медбикелер өз тәжірибесімен жастармен бөлісу керек.
4. Қиын жағдайда бір-бірін қолдау керек.

19. Арақатынас «Орта медицина қызметкері-кіші медицина қызметкері»:

1. Өзара құрметті сақтау
2. Кіші медицина қызметкерлерінің қызметін әдепті, мезі қылмай қадағалау.
3. Дәрекілікке, жөнсіздікке, тәкаппарлыққа жол берілмейді.

## **VII. Қорытынды ереже**

ОҚО ұжымы бірлескен мәдениеттің дамуы барлық деңгейде әрбір қызметкердің және барлығының ісі болып табылатынын мойындайды. Барлық қызметкерлер жалпыға бірдей міндеттердің алға жылжуына өз рөлдерін жете түсіну керек және өз үлестерін қосу керек.